Осы жағдайлардың бәрінде балалар оқу ситуациялары жүйесінде жұмыс істейді, олардың негізінде балалар бір жағынан, берілген материалды үйрену мотивін (сөздердің құрамын немесе шамалардың байланысын не үшін оқып үйрену керек), екінші жағынан, сол сыныптағы нақтылы міндеттерді шешудің ортақ тәсілдерінің үлгісін алады. Мұндай жұмыс нақтылы-практикалық міндеттерді шешуден және ұғымдарды практикалық қолданудан бұрын жүреді. Егер балалар міндеттерді шешудің процесінің өзінде осы тәсілдерді игерсе, онда мұндай игеру тек оқу іс-әрекетінің формаларында ғана ие болып қана қоймай, басқада заңдылықтар арқылы өтеді.

Оқу ситуацияларының мазмұны мен формасы педагогикалық-психологиялық, дидактикалық және жеке методиканың бірлескен құралдарымен анықталады. Зерттеу көрсетіп отырғандай, көпшілік жағдайда сол сыныптың нақтылы - практикалық міндеттерін шешудің тек жалпы тәсілін үлгі түрінде табу және беру өте қиын. Ұстаздық етудің нақты тәжірбиесінде балаларды кейде оқу ситуацияларымен таныстырмайды.

Оқушылар іс-әрекеттің жалпы тәсілдерін жекелеген нақтылы міндеттері ұзақ уақыт шешудің кезінде стихиялы түрде аңғарады. Бұл жағдайда көптеген және жайлап жойылатын қателіктер байқалады, ал игеру нәтижелері, әдетте жеткілікті түрде қорытындыланбайды және жеке түсінілмейді, сол сыныптың басқа міндеттеріне қиындық пен ауыстырылады, көптеген жеке дара өзіндік түрлері болады. Егер іскерлік оқу ситуациясы үстінде қалыптасатын болса, онда оқушылар және мұғалім оны алдын-ала бөліп, кейбір сыныптың міндеттерін шешудің жалпы тәсілін үлгі түрінде игеруге арнайы қалыптастырған кезде бұл кемшіліктер орын алмайды.

Оқу әрекеттерінің ерекшеліктері. Оқу ситуацияларында балалар жұмысы түрлі типті іс-әрекеттерден құралады. Олардың арасынан оқу әрекеттері ерекше орын алады. Солар арқылы оқушылар міндеттерді шешудің жалпы әдістерінің үлгілерін және оларды қолдану шарттарын анықтаудың жалпы тәсілдерін қайта жаңғыртып игереді. Олардың құрамы біртекті емес. Кейбір оқу кез-келген іс-әрекеттеріне оқу материалдарын игеру, екіншілеріне берілген оқу материалының көлемінде жұмыс істеу, үшіншілеріне жекелеген кейбір үлгілерді қайта жаңғырту тән. Мысалы, берілген үлгілерді бейнелеуге мүмкіндік беретін іс-әрекет әрбір пәннің кез-келген материалын оқып үйренуге қолданылады. Оқып үйрену объектісіне байланысты мұндай бейнелеулер графикалық (схемалар, формулалар), заттық - кеңістіктік (көлемді модельдер), сөздік - сипаттамалық және т.б. болуы мүмкін.

Арнайы зерттеулерде белгіленгендей сөздердің құрылымы морфемалардың маңызы туралы грамматикалық ұғымдарды толық игеру үшін бастауыш сынып оқушылары бірқатар оқу жаттығуларын орындаулары тиіс: бастапқы сөзді өзгерту және оның әр вариантты формаларын немесе туыс сөздерді табу. Грамматиканы оқытудың алғашқы кезеңдерінде өзгерту және салыстыру ерекше маңызды, бұлар балаларға сөздің мағынасы мен формасының арасындағы қатынасты анықтауға мүмкіндік береді. Осы оқу әрекеттерін меңгермей балалар оны саналы түрде анықтай алмайды, ал одан кейін аталған қатынасты және оның қасиетін кең талдай алмайды. Мектеп тәжірбиесінде әр-түрлі себептермен балалар аталған іс-әрекеттерді нашар меңгеретін жағдайлардың жиі кездесетіні белгілі. Нәтижесінде олардың сөздердің морфологиясымен таныстығы грамматикаға дейінгі үйреншікті деңгейде қалып қояды. Бұл ана тілін үйренуді қиындататын басты себептерінің бірі (Богоявленскийдің Д.П., Жуйковтың С.Ф. және т.б. зерттеулері).

Сан ұғымдарын игеруде бала бірқатар оқу әрекеттерін, ал олардың ішінен мыналарды: 1) заттық әрекетті (өлшеу бірлігі етіп алынған бір шаманың екіншісіне реттік қатынасын анықтау), 2) ауызша әрекеті (өлшем шамаларын есептеп шығу), 3) ақыл-ой әрекетін (алынған нәтижені барлық есептелетін объектілерге жатқызу) орындауы керек.

Сабақ беру процесінде мұғалім жалпы да, жеке де оқу әрекеттерінің бәрінің жиынтығын анық білуі керек, оларды орындауда балалар белгілі бір ұғымды немесе есептерді шешу жолдарын, оқу пәнінің белгілі бір тарауын толық меңгереді. Бастауыш сынып оқушыларында талап етілетін оқу әрекеттерінің жүйесін арнайы және табанды түрде

қалыптастыру қажет. Оларсыз материалды игеру оқу ісінің шеңберінен тыс өтеді, ал бұл немқұрайды, ұғымдардың таза ауызша сипаттамаларын немесе есептерді шешу жолдарын жаттату жолымен жүреді деген сөз [2].

Бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын көрнекі ұғымға тексті тура, сөзбе-сөз ұстауға сүйеніп игеруге тырысатын жағдайларын жиі байқауға болады. Алғаш бұл қажетті оқу әрекеттерін толық орындаудан гөрі оңай да тезірек болады. Бірақ мұғалім оқу ісінің өз шегінен шығып кететін стихиялы талпынысты тоқтатуға және ерекше оқу ситуациялары ішінде балаларды материалды шын мәнінде игеруге бастайтын іс-әрекеттерді жүйелі қалыптастыруға міндетті. Басында бұл оқуды баяулатады. Бірақ жақсы игерілген оқу әрекеттері негізінде ғана оқушылар алдағы уақытта әр түрлі пәндердің көлемі жағынан айтарлықтай материалдарын дәл және толық жаңғырта алады. Жекелеген ұғымдарды және есептерді шешу тәсілдерін меңгерудегі бірқатар елеулі кемшіліктер бұл ұғымдарды және есептерді шешу тәсілдерін қалыптастыруда балаларға барлық қажетті оқу амалдары үйретілмегендігімен байланысты екендігін зерттеу көрсетіп отыр [3].

Бақылау әрекеттерінің ерекшеліктері. Оқу ситуацияларында толық жарамды жұмыс әрекеттердің тағы да бір типін бақылау әрекетін орындауды талап етеді. Бала өзінің оқу әрекеттерін және олардың нәтижелерін берілген үлгілермен салыстырып бұл нәтижелердің сапасын орындалған оқу әрекетінің дінгегімен және толықтылығымен байланыстыруы қажет. Бақылаудың арқасында оқушы нашар тіпті жаман үлгі мен өзінің оқу іс-әрекеттерінің кемшіліктері арасындағы байланысты саналы түрде орнатады. Бұл кемшіліктерді жою (жаңа іс-әрекеттер немесе олардың операцияларын енгізу, оларды мейлінше ұқыпты орындау т.б. жолдармен) игеру нәтижелерін жақсартуға және оларды талап етілетін нормаларға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Алғашында бақылауды ұйымдастырудағы негізгі роль, мұғалімге жүктеледі. Балалар біртіндеп өз істерінің нәтижесін үлгімен салыстырады, мүмкін болатын алшақтықтардың себептерін таба және оқу әрекеттерін өзгерте отырып, оларды жоя бастайды. Бұл жағдайларда игеру процесінде оқушылардың өзін-өзі бақылауы қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – А.: Егемен Қазақстан, 2010. – 12-13 б.
2. Битянова М.Р. Адаптация ребенка в школе: диагностика, коррекция, педагогическая поддержка. – М.: Педагогический поиск, 1987.
3. Люблинская А.А. Мұғалімдерге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. - А.: Мектеп, 1991. - 61 б.

МРНТИ: 15.31.31

К.М. Ильясова, Г.К. Джумажанова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Психологиялық – педагогикалық сөздікте диагностикалық құзыреттілік түсініктерін қарастыратын болсақ, Дорофеева О.И диагностикалық құзыреттілікті кәсіби педагогикалық қызметте болатын жағдайларды, түрлі мәселелерді шешу үшін педагогтың диагностикалық қызметті жүзеге асыруға қажетті теориялық және тәжірибелік дайындығының тұтастығы сапасында қарастырады. Және де Дорофеева О.И пікірінше болашақ педагогика саласындағы маманның бойында диагностикалық құзыреттіліктің болуы оқушының бойындағы тұлғалық даму қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, түрлі кәсіби міндеттерді шешуге көмектеседі. Жалпы алғанда, балалардың оқуындағы кездескен жағдайларды шешуде, олардың алдын-

алуға, кәсіби түрде шешуге, оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеуге мүмкіндік береді, педагогикалық үрдістің тиімді жүруіне септігін тигізеді [1].

ЖОО студенттерінің (педагогика және психология білім беру бағдарламасы) диагностикалық құзыреттілігі- педагогтың кәсіби қызметін жақсарту құралы деп, педагогика ғылымдарының кандидаты Е.П. Ивутина айтып кеткен [2].

Зерттеуші Фурлетова А.В әлеуметтік педагогтың диагностикалық құзыреттілігінің көрсеткішін, қалыптасу деңгейін қарастырып кеткен [3].

Зерттеуші осыған дейінгі заманауи диагностикалық құзыреттілікке берілген анықтамаларды қарастыра отырып, өзінің анықтамасын берді. Бұл анықтамаға сәйкес, диагностикалық құзыреттіліктің теориялық және практикалық тұрғыдан функционалды жүзеге асырылуы диагноз қою және диагностикалық гипотезаны алға қою қабілетінен тұратын туа біткен тұлғалық қасиет болып табылады. Бұл сонымен қатар педагогикалық-психологиялық жағдайларда туындайтын мәселелерді шешу және мақсатты үнемі толықтыру.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.С.Ахметкаримова диагностикалық қызмет ұғымының мәні жайлы қарастырған. [4].

Отандық ғалымдардың ішінен диагностикалық құзыреттілікті қарастырып, зерттегендер: С.С. Сейтенова, Ш.А. Муханғалиеваны айтуға болады [5].

Болашақ мұғалімдердің диагностикалық құзыреттілігі зерттеген ғалымдар: Волошина Л.Н, Воробьева Г.Е, Лашенко Н.Д. Зерттеушілер болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын зерттеп, олардың диагностикалық құзыреттілігі олардың жеке мәселелерін кәсіби анықтауға, дамытуға, оқытуға, оқыту әдістерін дұрыс таңдауға, кәсіби іс-әрекеттерді дұрыс жүзеге асыруға кепілдік бере алады деген қорытындыға келді [6].

Педагогика ғылымдарының кандидаттары Отандық ғалымдар Г.А. Касен, А.Б.Отарбаева білім беру мекемесінің (мектеп) педагог-психологтарына керекті болып табылатын қажетті диагностикалық міндеттерді тізімін бөліп көрсеткен [5]:

- басқа білім беру орындарында басқа оқу пәндерге тән. білім, білік дағдыларды меңгеру деңгейін байқау;
- білім алушының оқу нәтижелері, нені үйреніп, нені зерттегенін әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерделеу, ауытқуларды анықтау және түзету;
- белгілі бір пән бойынша оқу жеке зерттелуші тақырып бойынша қатысушылардың білімдерін тексеру;
- мінез-құлық нормалары мен моральдық нормаларды зерделеу және олардың тұрақтылығын қарастыру;
- адамгершілік мәдениетінің мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке тұлғаны бақылау шараларын анықтау;
- мақсатты педагогикалық күш салу және социогендік ықпал етудің интегративті нәтижесі ретіндегі оқушылар тәрбиесінің әртүрлі әсерін анықтау;
- баланың жеке басының қалыптасуына әсер беретін факторларды анықтау;
- оқу-тәрбие процесінде баланың дамуының нәтижелерін қадағалау.

Диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру, яғни. кәсіби іс-әрекетті мақсатты түрде жүзеге асыру қазіргі мектеп педагогикалық психологтары алдында тұрған түрлі күрделі міндеттер мен қиындықтарды шешу үшін қажет.

ЖОО студенттерінің диагностикалық құзыреттілігінің әдіснамалық негіздері

Алдыңғы қатарлы дамыған елдерде оқу жүйесіндегі меңгерілген білім деңгейі, сапасы бойынша құзыреттілік бойынша өлшенеді.

Құзырет – латын тілінен шыққан жасай білу, жасай алу қабілеті дегенді білдіреді. Құзыреттілік термині де латын тілінен шыққан, қандай да бір сала туралы жан-жақты білімінің болуы, оқыту процесінде дамытын білімі, іскерлігі, және де белгілі бір салада қызметті орындай алу қабілеттілігі.

Сурыгин А.В. зерттеуі бойынша құзырет – бұл құбылыс, ал құзыреттілік-тұлғаның қасиеті, сапалары [7].

Хуторской А.В. ұсынған термин бойынша құзырет дегеніміз - белгілі бір пән немесе бір процесс бойынша сапалы және әрекеттесуді етуді қажет ететін өзара байланысты сапалар (білім, білік, дағды) жиынтығы [8].

Құзыреттілік термині ХХ ғасырдың ортасында американдық тіл маманы, философы Хомский Н енгізді. Құзыреттілікті қазіргі күнге дейін оқыту үрдісіндегі білімді қолданудың соңғы нәтижесі ретінде айта аламыз. Көптеген ғалымдар оқыту үрдісіндегі құзыреттілікке әртүрлі анықтамалар берген. Терминнің тарихына тоқталсақ, ХХ ғасырдың 70 жылдарынан құзыреттілік термині оқытуды дараландыру мәселесіне байланысты АҚШ та және де Еуропа елдерінде қолданылды [9].

Құзыреттілік ұғымының әртүрлі ғалымдар (Ильина И.В, Алексеева Л.П, Шаблыгина Н.С, Карнаух Н.В, Вардаян Ю.В және т.б.) ұсынған көптеген түсіндірмелері мен анықтамалары бар.

Құзыреттілік (лат. Competens-қолайлы, сәйкес, тиісті, қабілетті, білімді) – бұл нақты өмірлік іс – әрекетті орындай алу қабілеті және оны іске қосу кезінде алынған адамның біліктілік сипаттамасы.

«Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының білім білік дағдыдан айырмашылықтарымен ерекшеленеді.[7].

Зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасаған кезде кәсіби шеберліктің қалыптасу және даму процесі кезінде екі ұғымды пайдаланып келген екен. Бұл ұғымдар: құзыреттілік және құзырет. Филология ғылымдарының докторы, лингвист Сергей Ожеговтың сөздігі бойынша, құзырет бұл белгілі бір іске қатысты, сол іс, жұмыс бойынша білімі, хабары болуы, және белгілі бір жұмысты орындайтын тұлғаның мәселелерді шеше білуге, іс-әрекет жасауға құқығының болуы делінген [5].

Құзыреттілік ұғымы әлеуметтік-кәсіби дәреже иесіне байланысты қолданылады және сол жұмысты атқару кезіндегі білімі, түсінігі. Құзыреттілік әдістемелік ұғымдардың ішінде латынның бейім сөзінен шыққан, яғни белгілі бір сала бойынша қалыптасатын, дамитын білім мен іс-әрекеттерді түйіскен тұсы. және де белгілі бір қызметті орындай білуі деп айтылып кеткен [3].

Педагогикадағы құзыреттілік – ғылыми білімді салалық ғылыми білімге саралай отырып, белгілі бір қызмет түрін (педагогиканы) жүзеге асырудың шығармашылық қабілеті.

Васюкова И.А, құзыреттілікті белгілі бір сала туралы жалпы базалық білімі бар, сол сала туралы кез-келген тақырыптан білімі болуын атап кеткен. Зимняя И.А білім беру саласындағы құзыреттілікті зерттеген, оны білім алу барысында тәжірибеден негізделгенін сипаттаған [5].

Сонымен қатар құзыреттілік түсінігін Б.Т. Кенжебекова адамның теориялық білімі мен практикалық білігін белгілі бір шешімді, міндеттерді шешу үшін қолдануға дайындығы және қабілеттілігі деп атаған.

Бұл жерде даярлық ұғымы – бәріне дайын болу, қабілет- істей білу, жасай білу мүмкіндігі мағынасында қолданылған. Осылайша, зерттеуші біліктілік пен құзыреттілік ұғымдарын салыстыру барысында, құзыреттілікке тек қана білім мен білік қана емес, басқа да сапалар, бұлар бастамашылдық, бірлестік, коммуникативті қабілеттер, бір істе бастамашылдық, бірлестік, логикалық ойлау және т.б. тұрады деп атап кеткен.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Т. Таубаева құзыретті және құзыреттілік ұғымдарының бір-бірімен байланыстырып сипаттап зерттеп қарастырып кеткен.

Осы аталып кеткендерді қортындылай келе, құзыреттілік – кәсіби міндеттердің орындалуын, мақсатқа жету жолын, нәтижелі қорытындыны алуды қарастыратын әрекетті сапамен іске асыру мүмкіндігі деп қортынды бере аламыз.

Психологиялық – педагогикалық сөздікте диагностикалық құзыреттілік түсініктерін қарастыратын болсақ, Дорофеева О.И диагностикалық құзыреттілікті кәсіби педагогикалық қызметте болатын жағдайларды, түрлі мәселелерді шешу үшін педагогтың диагностикалық қызметті жүзеге асыруға қажетті теориялық және тәжірибелік дайындығының тұтастығы сапасында қарастырады. Және де Дорофеева О.И пікірінше болашақ педагогика саласындағы

маманның бойында диагностикалық құзыреттіліктің болуы оқушының бойындағы тұлғалық даму қасиеттерінің қалыптасуына көмектеседі, түрлі кәсіби міндеттерді шешуге көмектеседі. Жалпы алғанда, балалардың оқуындағы кездескен жағдайларды шешуде, олардың алдын-алуға, кәсіби түрде шешуге, оқытудың мазмұны мен әдістерін іріктеуге мүмкіндік береді, педагогикалық үрдістің тиімді жүруіне септігін тигізеді [7].

ЖОО студенттерінің (педагогика және психология білім беру бағдарламасы) диагностикалық құзыреттілігі- педагогтың кәсіби қызметін жақсарту құралы деп, педагогика ғылымдарының кандидаты Е.П. Ивутина айтып кеткен [5].

Зерттеуші Фурлетова А.В әлеуметтік педагогтың диагностикалық құзыреттілігінің көрсеткішін, қалыптасу деңгейін қарастырып кеткен [6].

Зерттеуші осыған дейінгі заманауи диагностикалық құзыреттілікке берілген анықтамаларды қарастыра отырып, өзінің анықтамасын берді. Бұл анықтамаға сәйкес, диагностикалық құзыреттіліктің теориялық және практикалық тұрғыдан функционалды жүзеге асырылуы диагноз қою және диагностикалық гипотезаны алға қою қабілетінен тұратын туа біткен тұлғалық қасиет болып табылады. Бұл сонымен қатар педагогикалық-психологиялық жағдайларда туындайтын мәселелерді шешу және мақсатты үнемі толықтыру.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.С. Ахметкаримова диагностикалық қызмет ұғымының мәні жайлы қарастырған. [7].

Отандық ғалымдардың ішінен диагностикалық құзыреттілікті қарастырып, зерттегендер: С.С. Сейтенова, Ш.А. Муханғалиеваны айтуға болады [9].

Болашақ мұғалімдердің диагностикалық құзыреттілігі зерттеген ғалымдар: Волошина Л.Н, Воробьева Г.Е, Лашенко Н.Д. Зерттеушілер болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын зерттеп, олардың диагностикалық құзыреттілігі олардың жеке мәселелерін кәсіби анықтауға, дамытуға, оқытуға, оқыту әдістерін дұрыс таңдауға, кәсіби іс-әрекеттерді дұрыс жүзеге асыруға кепілдік бере алады деген қорытындыға келді.

Педагогика ғылымдарының кандидаттары Отандық ғалымдар Г.А. Касен, А.Б. Отарбаева білім беру мекемесінің (мектеп) педагог-психологтарына керекті болып табылатын қажетті диагностикалық міндеттерді тізімін бөліп көрсеткен.

- басқа білім беру орындарында басқа оқу пәндерге тән. білім, білік дағдыларды меңгеру деңгейін байқау;

- білім алушының оқу нәтижелері, нені үйреніп, нені зерттегенін әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерделеу, ауытқуларды анықтау және түзету;

- белгілі бір пән бойынша оқу жеке зерттелуші тақырып бойынша қатысушылардың білімдерін тексеру;

- мінез-құлық нормалары мен моральдық нормаларды зерделеу және олардың тұрақтылығын қарастыру;

- адамгершілік мәдениетінің мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке тұлғаны бақылау шараларын анықтау;

- мақсатты педагогикалық күш салу және социогендік ықпал етудің интегративті нәтижесі ретіндегі оқушылар тәрбиесінің әртүрлі әсерін анықтау;

- баланың жеке басының қалыптасуына әсер беретін факторларды анықтау;

- оқу-тәрбие процесінде баланың дамуының нәтижелерін қадағалау.

Диагностикалық құзыреттілікті қалыптастыру, яғни. кәсіби іс-әрекетті мақсатты түрде жүзеге асыру қазіргі мектеп педагогикалық психологтары алдында тұрған түрлі күрделі міндеттер мен қиындықтарды шешу үшін қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дорофеева О.И. Формирование диагностической компетентности педагогов в процессе дополнительного профессионального образования: монография – Вологда: Издат. центр ВИРО, 2013. – 164 с.

2. Ивутина Е.П. Диагностическая компетентность и технология ее формирования у студентов педагогических специальностей // Вестник КГУ имени Н.А. Некрасова. – Т.13. – 2007. – С. 55-58.
3. Фурлетова А.В. Критерии, показатели и уровни сформированности диагностической компетентности социального педагога // Таврический научный обозреватель – 2016. – № (8) – С. 1-3.
4. К.С.Ахметкаримова. Развитие диагностической деятельности будущих педагогов: Автореф...дис.к.п.н.. - Караганда, 2004. -28 с.
5. Жұбаназарова Н.С. Тұлғаны диагностикалау - Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 102 б.
6. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. Москва, 1998.-270 с.
7. Шмелева А.Г. Основы психодиагностики. Учебное пособие для студентов педвузов - Москва, Ростов-на-Дону: «Феникс», 1996.-167с.
8. Гильбух Ю.З. Психодиагностика в школе.- М.: Знание,1989. N4.-180 с.
9. Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика: Учебник для вузов – СПб.: Питер, 2006- - 351 с. С.102

МРНТИ 14.25.09

А. Сәбитқызы

информатика пәні мұғалімі «4 Жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., aiko1991kzerke@gmail.com

ОҚУ МЕН ОҚЫТУДА ІТ-ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

«Қазіргі заманда білім алушыларға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп тұңғыш Елбасымыз атап өткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде қолдану мен оның тиімділігін арттырудың маңызы аса зор. Олай болса, география пәнінің мұғалімі де компьютерді жетік біліп, информатикадан хабардар болуы қажет. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі күйін есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы білім беру стандартында қабылдап отырған негізгі құзыреттіліктерді: проблеманың шешімін табу (өзіндік менеджмент), ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту қажет екендігін ескеруіміз керек.

Стандартта ақпараттық құзырет келесі бөліктерді қамтиды:

- Оқу іс-әрекетін іске асыру үшін ақпараттарды іздеу, талдау және таңдап алу;
- Оқу әрекетінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес таңдап алған оқу материалдарын жіктеу;
- Оқу іс-әрекетінде пайдалану үшін алынған ақпараттарды өңдеу және өзгерту;
- Өңделген ақпараттарды оқу іс-әрекеті үрдісінде қолдану;
- Сыни тұрғысынан талданған ақпараттар, негізінен, саналы шешім қабылдауға;
- Өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;
- Өз бетінше шешім табуға, талдауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасымалдауға дағдыландыру [1].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың оқу үдерісінде, бос уақытында және қарым-қатынас барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сауатты және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді.

Сандық сауаттылық – бұл сандық технологияны пайдалана отырып, ақпараттың орналасқан жерін анықтау, ақпаратты ұйымдастыру, түсіну, бағалау және құру қабілеті. Техникалық жағынан сауатты болу оқушылардың сандық құралдарды пайдалана білуін + сыни тұрғыдан ойлауын + әлеуметтік хабардарлығын + оқуға әлеуметтік тартылуын

білдіреді.

Жаңа ақпараттық технологияны сабақта пайдалану, оқушының шығармашылық интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Заманауи ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін сауатты пайдалану ықпал етеді:

- танымдық іс-әрекетті жандандыруға, оқушылардың сапалы үлгерімін арттыруға;
- сабақта қолдануға арналған заманауи электронды оқу материалдарының көмегімен оқыту мақсаттарына қол жеткізуге;
- оқушылардың белсенділігін және ынтасын арттыруға;
- оқушылардың ақпараттық ойлауын дамыту, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыруға;

География сабақтарында ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оқу материалын меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді:

- оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады;
- танымдық қызметті белсендіреді;
- ойлау мен жадты дамытады;
- қазіргі қоғамдағы белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырады.

Білім беру субъектілерін қазіргі заман талабына сай, Жерсерік арнасы арқылы қашықтықтан оқыту және электрондық оқулықтарды пайдаланып, география пәніне деген қызығушылығын арттыру- әрбір география пәні мұғалімінің міндеті [2].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану география мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асырудың, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру мен дамытудың, оқу үдерісін дараландырудың қажетті шарты болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәннің мазмұнын зерделеу барысында электрондық құралдардың көмегімен оқушылардың танымдық ойлау дағдыларын дамытуды көздейді. «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының «Зерттеу және зерттеушілер», «Географиялық карталар», «Географиялық деректер базасы», «Дүниежүзі елдері» тарауларының оқу мақсаттары АКТ қолдануды тікелей талап етеді.

География пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен тығыз байланысты екенін ескеріп, оқушылардың география сабағында материк пен дүние бөлігіндегі және аралдағы елдер мен халықтар жайында қызғылықты деректерді тек оқулық мәтініндегі берілген карта, сызба, сурет немесе диаграммаларды пайдаланумен ғана шектелмей, электрондық оқулықта көрсетілген бейне арқылы пайдаланған тиімдірек.

Материктердің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін көзбен көріп, есте сақтау үшін. Жерсерік арнасы арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін пайдаланған жөн.

Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер және қосымша кестелерді пайдалану арқылы білім мен біліктіліктерін арттыратын болса, көзбен көріп, электрондық оқулықтың көмегімен есте сақтау қабілетін және пәнге қызығушылығын арттырады[3].

Қазіргі уақытта білім сапасы туралы көп айтылып, оны құзыреттілік бағалаумен байланыстыра отырып, түлектің білім, білік және дағдыларын қалыптастыруға арналған инновациялық білім беру технологиялары маңызды рөл атқарады. Осындай инновациялық білім беру технологияларының бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы.

Қашықтықтан оқыту жүйесі дербес компьютердің (ДК) көмегімен қажетті дағдылар мен жаңа білім алуға және Интернет желісіне шығуға мүмкіндік береді. ДК орналасқан жері маңызды емес, сондықтан сіз үйде, жұмыста, қашықтықтан оқыту орталықтарының бірінің on-line сыныбында, сондай-ақ интернетке қосылған компьютер бар кез-келген жерде оқи аласыз. Бұл қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқыту түрлерінен маңызды артықшылығы [7].

География сабағында LearningApps, Кроссвордтар фабрикасы, Classtime веб

қосымшаларын қолдануға болады.

LearningApps.org <https://learningapps.org/> – бұл РН Bern білім беру Информатика Педагогикалық колледжі Орталығының Майнц және Циттау / Герлиц қалалары Университеттерімен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы.

LearningApps.org бұл интерактивті тапсырмалар құрастырушы, әртүрлі оқыту пәндерінде сол сияқты сабақтарда да және сыныптан тыс жұмыстарда пайдалануға арналған.

Интерактивті білім беру қосымшасының негізгі тапсырмасы балаларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама. Интерактивті тапсырмаларды құрастырушы LearningApps.org «Викторина»; «Сөздерді белгілеу»; «Кім миллионер болғысы келеді?»; «Топтастыру», «Картада белгілеу», «Жұпты табу», «Құрастыруға арналған пазлдар», «Суреттерді сұрыптау», «Сөзжұмбақ, Бұл қай жерде?» және тағы басқа сияқты білім беруге арналған он-лайн қосымшалардың көп түрін ұсынады.

LearningApps бағдарламасының мүмкіндіктері:

Жауаптарын даңдау тесті

Мәтінен сөзді таңдау

Әріптен сөз құрастыру

Сәйкестендіру кестесі

Хронологиялық сызғыш

Оқушылар ұсынылған қызметке белсенді қатысады, ұсынылған тақырып бойынша тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды. Қосымшада мұғалім белгілі бір сыныпқа немесе оқушыға оңай бейімдей алатын ойын және танымдық қызықты тапсырмаларының кең таңдауы бар [8].

[Http://learningapps.org/](http://learningapps.org/) қосымшасы білім беру процесін ұйымдастырудың сабақ пен сыныптан тыс түрлерін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекеттесуін, оқу және сыныптан тыс жұмыстардың бірлігін тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуге көмектеседі; оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін қолдауға және дамытуға жағдай жасайды. Білім алушыларда оларды жалпы мәдени үлгілерге, нормаларға, эталондарға және қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл заңдылықтарына бағдарлайтын ойлаудың ғылыми түрін қалыптастырады.

LearningApps бағдарламасында оқушылардың кейбір тапсырма түрлерін бірлесіп шешу мүмкіндігі бар. Мұғалім оқушыларға ұсынған тапсырмалардың орындалуын және жоба барысында олардың жасаған қосымшаларын бақылай, жұмыс процесін қадағалай, оқушының аты-жөні қасындағы батырманы басу арқылы өз пікірін яғни кері байланыс жаза алады.

LearningApps бағдарламасын өзінің пәндік саласы бойынша нақты мәселелерді шешу үшін қолдана алады:

- теориялық және практикалық білімді бекіту, оны тексеру;
- түрлі жарыс шараларын ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;
- әр түрлі шаблондар көмегімен он-лайн режимінде тапсырмаларды жасауға және өңдеуге болады;
- интеллектуалды интерактивті тапсырмалардың барлық түрлерін қолдану;
- өз оқушыларына аккаунт ашып- мұғалім оқушылар тобын құра алады, ол үшін ол «жаттығулар» жинап, оқушыларды жұмысқа шақырады.
- дайын жаттығуларды блогтар мен веб-сайттарға оңай қосуға болады, оларды оффлайн режимінде де қолдануға болады[9].

Кроссвордтар фабрикасы <http://puzzlecup.com/crossword-ru> – бұл кроссвордтарды оңай құруға көмектесетін сервис. Сервис puzzlecup.com – ақысыз. Мұнда сөзжұмбақ құрастыру үшін жұмыс үстелінде тышқанмен сөзге орын таңдап, сөздіктен автоматты түрде таңдалған сөздерді таңдау жеткілікті. Сіз сондай-ақ өз сөзіңізді қоса аласыз.

Classtime www.classtime.com – бұл сабақ үлгерімін және әр оқушыны жеке бағалауға көмектесетін мұғалімдерге арналған құрал.

Classtime платформасының жұмыс істеу принципін қадамдары:

- мұғалім оқушыларына белгілі бір тақырып бойынша интерактивті оқу материалын әзірлейді (немесе кітапханадан дайын материалдарды қолданады);
- оқушылар бұл оқу материалына қол жеткізе алады және жұмысқа кіріседі;
- мұғалім әр оқушының үлгерімін нақты уақытта бақылайды.

Classtime платформасындағы тапсырма түрлері:

- Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау
- Шын немесе жалған
- Сәйкестік
- Ретін орнату (дұрыс тізбекті белгілеу үшін)
- Мәтін (эссе)
- Мәтінді бөлектеу (елемеу)

Аумақты таңдау(Графикалық)

Seterra <https://online.seterra.com/ru> – әлемдегі мемлекеттер мен мемлекеттерді, сондай-ақ олардың астаналарын зерттеуге мүмкіндік беретін тегін қызықты географиялық викторина ойыны. Бұл HTML5-те жазылған онлайн-нұсқа. Оған Safari, Firefox және Google Chrome сияқты көптеген браузерлердің соңғы нұсқаларыны, Windows, MacOS X және Linux және iPhone, iPad немесе Android сияқты мобильді құрылғыларда жұмыс істейді.

Seterra – бұл географиялық ойын. Контурлық картаға түсіру жаттығуларымен елдерді, астаналарды, жалауларды, мұхиттарды, өзендерді және басқаларын зерттеңіз! 1997 жылы жасалған және 40 тілге аударылған Seterra барлық жастағы адамдарға ұнайды және оларға біз өмір сүріп жатқан әлемді сезінуге көмектеседі [5].

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдаланудың оқушының субъектілігін дамытуында және білім сапасын арттыруда дидактикалық мүмкіндіктері көп:

- мәтіндік, графикалық, аудио-бейне, ақпараттық анимацияның бірігуі;
- ғалымдар мен педагогтардың дәрістеріне қатысуына, өткен және қазіргі

тарихи оқиғаларға куә болуына, әлемнің ең белгілі мұражайлары мен мәдени орталықтарына, жер шарының ең алыс және қызық түкпірлеріне сапар шегуіне мүмкіндік жасады;

- оқу, көру, материалдарды іріктеу, керекті жерлерін жазып алу, қажет рефераттарды дайындауға мүмкіндік береді;

- оқушылардың әлеуметтік қоғамның мүшесі болуына қажеттілігін арттыра түседі;

- ғылыми жұмыстармен айналысу, қажетті материалдар табу мәселесін жеңілдетеді;

- электронды поштаны қолдануға дағдыландырады;

- телеконференция өткізуге, алыс қашықтықтан ұжымдық жұмыс ұйымдастыруына мүмкіншілік береді;

- мультимедия жүйелері ақпаратты пайдалануға, әр түрлі параметрлер бойынша өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, интерактивті тапсырмалар оқу іс-әрекетін басқару тәсілдерін айтарлықтай өзгертуге, оқушыларды белсенді жұмысқа тартуға, оларды белгілі бір ойын жағдайына араластыруға, енгізуге мүмкіндік береді

Қорыта келгенде, ақпараттық технологияларды сабақта үнемі және жүйелі қолдану оқушылардың пәнге қызығушылықтарын оятып, өзіне деген сенімін ұлғайтады, сабақтың сапасын арттыруға кеңінен жол ашады және уақыт үнемделеді, оқу әдісі мен құралдарын таңдауға, түрлендіріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ғылыми-әдістемелік журнал \ География және Табиғат. 2012. – № 5.
2. Оқу үрдісінде интерактивті тәсілдерді пайдалану тиімділігі «Қазақстан мектебі» – № 3, – 2012 ж.

3. «Ақпараттық технология – нәтижелі білім» «Қазақстан мектебі» № 6, – 2012 жыл
4. Оқу пәндеріне мазмұндық сапасын жақсартудың өзекті мәселелері «География, биология, экология орта мектепте» № 2, – 2012 жыл.

МРНТИ: 15.31.31

К.М. Ильясова, Г.К. Джумажанова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ

Заман талабына сай педагог-психолог маман – бұл жоғары педагогикалық-психологиялық білім алған маман, оқушылардың психологиялық деңсаулық жағдайын сақтауға және нығайтуға, олардың құқығын қорғауға, жасөспірімдердің дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті іске асыратын маман.

Педагог-психологтың кәсіби деңгейі педагогика және психология саласындағы ғылыми базаны, сан алуан әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдалана білуі, өз мүмкіндіктерінің шегін білуі, психологиялық-педагогикалық білімін және тұлғалық дамуын, психологиялық-педагогикалық мәдениет пен тұлғаның жетілуінен тұрады.

ЖОО студенттерді (педагогика психология бағыты бойынша) дайындау еліміздің 1990 жылдан бері көптеген жоғары оқу орындарында жүзеге асырылып келеді. Ал ресми түрде педагог-психолог мамандығы білім беру ұйымдарында 1999 жылы енгізілді. 1999 жылдан бастап педагог-психолог лауазымы қазіргі күнге дейін мектепке дейінгі мекемелерде, орта және кәсіби білім беру үшін міндетті болып табылады.

Атап өтетін болсақ, педагогика және психология ббб бойынша білім алатын студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және оларды кәсіби жұмысын жетілдіретін негізгі жолын және шетелдік психологиялық білім берудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Және де оны зерттеген ғалымдар ішіне А. Тиана, Х. Мойя, Ф. Луэнго, кіреді [1], Педагог-психологтың кәсіби қызметін зерттеген О.Е. Пермяков жеке адамның немесе топтың тиімділігін арттыруын кәсіби білім беру процесіндегі жеке білім жетістіктерін бағалау мәселесі ретінде қарастырған болатын [1].

Педагог-психологтың кәсіби жүйесіндегі психодиагностиканың ерекше рөлін Перепелкина Н.О өз еңбегінде көрсетіп өтті. Жалпы психодиагностиканың әдістері мен әдістемелерін таңдауға, түрлі процедуралар, оларды өткізудің, зерттеудің жүргізілуінің этикалық принциптері педагог-психологтың диагностикалық қызметінде өте маңызды болып табылады [2].

Психология ғылымдарының докторы, педагогика ғылымдарының кандидаты Долгова В.И педагог-психологты кәсіби даярлау барысын кәсіби құзыреттілік арқылы қалыптасады деген. студенттерді кәсіби даярлау үстінде, болашақ маманның жағдайы, кәсіби қызметі, мамандықта тұлғаның даму барысы жалпы айтқанда жеке тұлғаның кәсіби ерекше, маңызды сапаларын қалыптастыруға ықпал етеді. Студенттердің диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруын зерттеу барысында осы жоғарыда аталып кеткен мәлімдеме ерекше құнды және өз орнын таба біледі [3].

Жалпы білім берудің құзыреттілікке бағдарлаған парадигмасы барысында жоғары оқу орнында студенттерді даярлаудың ең маңызды мақсаты білім алушы студенттердің жеке тұлғалық сапалары, басқа да құзыреттілік түрлері оның ішінде кәсіби құзыреттілік, мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыру, ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық - басқарушылық, тәжірибелік және оқытушылық қызметте оларды жасай білу, жүзеге асыру

дағдыларын жетілдіру болып саналады. Болашақта бітіріп шығатын түлек, педагог-психолог маман

тек қана педагогика мен психологияға қарай бағытталып қана қоймай, сонымен қатар тұлғалық сапаларды меңгерген, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан маман болып шығуы қажет.

Ал зерттеуші А.Ж.Сапарғалиева болашақ педагог-психолог мамандарды кәсіби даярлау туралы өзінің диссертациялық жұмысында бұл тақырыптың әлі толық зерттелмегендігі туралы және де бұл мәселе бойынша зерттеулердің аздығы, әлі де зерттелуі керек екендігі туралы атап өтті. Және өз зерттеуінде ол педагог-психологтың кәсіби қызметінің түрлерін бөліп көрсеткен болатын. Оларға психодиагностикалық, кеңес беруші, түзетуші, дамытушы, кеңес беруші, алдын алушы, болжаушы, бағалаушы, басқарушы жатады. Қарап отырсақ диагностикалық қызмет түрлері ішіндегі бастамашы болып тұрғанын көре аламыз. Жалпы зерттеушінің еңбегінде педагог-психолог маманның диагностикалық құзыреттілігі жайлы айтылмаса да, дегенмен де болашақ педагог-психолог маманның кәсіби даярлауындағы диагностикалық қызметті жоғары орынға қоя білген [4].

Педагог-психологтың психодиагностикалық қызметті жүзеге асыруда ең алдыңғы орынға психодиагностика негіздерін білу, психодиагностикалық әдістер мен әдістемелерін меңгеру білу, психодиагностикалық зерттеуді ұйымдастыру кіреді. Алынған деректерді математикалық өңдеу, оқушыға, балаға немесе ұжымға психологиялық түрде қортынды жасай білуі және т.б. Сонымен қоса алынған мәліметтерді баяндайтын кезде нақтылық, объективтілік, оларды өңдеуде анықтылық және дәлдік болуы тиіс.


Зерттеуші Г.О. Абдуллаева білім берудің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін мамандар ретінде педагогикалық психологтардың жұмысын сипаттайды. Білім берудің әртүрлі бағыттарына балабақшалар, мектептер, түзету орталықтары және колледждер жатады. [5]. Педагог психологтардың қызметі оқушылардың психологиялық денсаулығы мен тұлғалық дамуына бағытталған. Педагог-психологтар олардың кәсіби іс-әрекетімен айналысатын адамдардың даму процесінде туындайтын проблемаларды психопрофилактикалық, психодиагностикалық, психокоррекциялық, консультативтік-түзету жұмыстары арқылы анықтайды. Олар мұғалімдер мен ата-аналарға жеке және кәсіби мәселелерді шешуге көмектеседі. Бір жас категориясынан екінші жас категориясына ауысқанда педагогикалық-психологиялық диагностика негізінде жеке тұлғаның психологиялық даму деңгейіне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен құралдары таңдалады. Бүкіл педагогикалық ұжыммен байланыс орнату, білім алушылардың және басқа қатысушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің диагностикалық, түзету және дамыту бағдарламаларын жасалады.

ЖОО студенттер өзбетімен әрекет жасауға, түрлі өмірлік қиын жағдайларда шешім тауып қабылдай білуге, жаңа ұсыныстармен жұмыс жасай білуге үйренеді. Студенттердің өз бетімен жұмыс жасау дағдысы қалыптасқан болса, онда ол оқу материалын тереңірек меңгереді, сонымен қоса өз білімін ары қарай жалғастыруға және өз бетінше білім алуға дайын болады. Осы аталып кеткен мүмкіндіктер жоғары мектептегі оқыту жүйесінің мамандарды кәсіптік дайындауда, олардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруды жақсы жағдай екенін көрсетеді.

ЖОО студенттерінің диагностикалық құзыреттілігі ол білім берудің түрлі кезеңдеріндегі оның диагностикалық қызметке даярлығы мен қабілеті, ол тұлғалық-саналы позитивті қатынастан, диагностикалық міндеттерді шешуге бағытталған терең және берік диагностикалық білімі мен білігінен көрінеді.

Білім беру мекемелерінде қызмет жолын құратын студенттер кәсіби білікті маман болу үшін келесідей педагогикалық құзыреттіліктерді меңгере білуі шарт. Бұл педагогикалық құзыреттіліктердің құрамына басқарушылық, аналитикалық, әдістемелік, коммуникативтік құзыреттіліктер кіреді. Айта кететін болсақ диагностикалық құзыреттілік педагог-психологтың негізгі құзыреттіліктер жүйесіндегі құраушы және байланыстырушы құзыреттілік болып табылады. [6].

Берілген құзыреттіліктер бір-бірімен тығыз байланысты. оның құраушы құзыреттіліктерге икемделе отырып студенттердің кәсіби қалыптасуына ықпал етеді. 1-суретте диагностикалық құзыреттілікпен құрамдас құзыреттілік түрлері көрсетілген



1-сурет. Диагностикалық құзыреттілікпен құрамадас құзыреттілік түрлері

Басқарушылық құзыреттілік – тапсырмаларды тиімді орындау үшін қажетті кәсіби және жеке іскерлік дағдылардың жиынтығы. Бұл көшбасшылар күн сайын сапалы нәтижелерге қол жеткізетін дағдылар мен механизмдер. Көшбасшылық, ұйымшылдық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, жауапкершілік, жетістік мотивациясы, топта жұмыс істеу, коммуникативті дағдылар ең көп сұранысқа ие.

Жобалық құзыреттілік – адамның әртүрлі салалардағы жобаларды әзірлеу және жүзеге асырудағы дербес теориялық және практикалық іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығынан көрінетін субъектінің интегративті сипаттамасы. Жоба (латын тілінен *projectus* – алға лақтырылған) – интеллектуалдық әрекеттер кешені, нәтижесінде жаңа өнімнің бейнесі және оны алу тәсілі жасалады. Жобалау (лат. *projectus* – алға лақтырылған) - бұл интеллектуалды іс-әрекеттер кешені, нәтижесінде жаңа өнімнің бейнесі және оны алу тәсілі жасалады

Зерттеу құзыреттілігі – белгілі бір саладағы білімдердің, зерттеу дағдыларының (гипотезаларды алға тарту және негіздеу, мақсат қою және іс-әрекеттерді жоспарлау, қажетті ақпаратты жинау және талдау, оңтайлы әдістерді таңдау, эксперименттер жүргізу және зерттеу нәтижелерін ұсыну негізінде іздеу және шешу және осы білім мен дағдыларды нақты іс-әрекеттерде қолдана білу. Зерттеушілік құзыреттілікке ие тұлғаның негізгі сипаттамасына өзін-өзі жетілдіруге деген үнемі құштарлық мен қабілеті, танымдық белсенділігі және дербестігі жатады

Педагогтің аналитикалық құзыреттілігі. Қазіргі мектеп заманауи инновациялық тәжірибесі бар, заманауи педагогикалық технологияларды, ойлау креативтілігін, рефлексиялық мәдениет негіздерін меңгерген, интеграцияға қабілетті, жоғары коммуникациялық қабілеті бар, пәндік саланы жақсы білетін педагог маманды қажет етеді.

Аналитикалық құзыреттілік. Аналитикалық құзыреттіліктің жалпы сипаттамасы: бұл адамдардың білімдерін, дағдыларын пайдалана отырып, талдау және шешім қабылдау саласындағы өз әлеуетін жүзеге асыру қабілеті. Аналитикалық құзыреттілікті қалыптастыру процесі күрделі. Аналитикалық мәдениетінің деңгейі (аналитикалық құзыреттілігі) неғұрлым жоғары болса, оның өзгеріске, инновацияға дайындығы мен қабілеті соғұрлым жоғары болады.

Соған байланысты диагностикалық құзыреттілікті бастапқы, студенттердің бастапқы зерттеушілік қызметін қамтамасыз етуші ретінде анықтаймыз. Яғни диагностикалық құзыреттілік студенттердің кәсіби қызмет жүйесіндегі басқа құзыреттілік түрлерін игеруші болады. Өйткені оның құраушы құзыреттіліктерге икемделе отырып студенттердің кәсіби қалыптасуын қарастырады. [7].

Жалпы маман ретінде кәсіби жіне диагностикалық құзыреттілігі қалыптастқан студент, болашақта педагог-психолог маманы болып, білім беру ұйымдарына қызметке кірісу

барасында педагог-психолог маманның лауазымдық міндеттерін жоғары деңгейде орындай алатын қабілетке ие болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Alejandro Tiana, José Moya and Florencio Luengo, 2011.Implementing Key Competences in Basic Education: reflections on curriculum design and development in Spain. European Journal of Education, 46 (3): 307-322.
2. Перепелкина Н.О., Мутавчи Е.П., Ермакова Н.А. Психодиагностика: Учеб. пособие. - М.: Дашков и К, 2017. - 224 с.
3. Долгова В.И., Шаяхметова В.К. Формирование профессионально важных качеств педагога-психолога: учебное пособие - Челябинск: Изд-во Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун- та, 2017 - 133 с.
4. "Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы
5. Штофф В.А. Моделирование и философия. - Москва-Ленинград: Наука, 1966. -240 с
6. Таубаева Ш.Т. Методология и методика педагогического исследования: Учебник. - Алматы, 2011. – 141 с
7. А.К.Аманова Болашақ педагог-психолог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: дис... док.философии. - Астана 2017 -71 б

МРНТИ 65.63.03

А.К. Какимов, Н.К. Ибрагимов, А.К. Базанова

Университет имени Шакарима города Семей

Республика Казахстан, г. Семей, arayka.bazanovak@mail.ru

АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ РАЗЛИЧНЫХ АДСОРБЕНТОВ В УДАЛЕНИИ ТОКСИЧНЫХ КОМПОНЕНТОВ ИЗ ЖИДКИХ ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ

Аннотация. В данной статье рассматривается эффективность различных адсорбентов для удаления токсичных компонентов, таких как радионуклиды и соли тяжелых металлов, из жидких пищевых продуктов. В качестве объекта исследования выбрано молоко, являющееся продуктом с высокой питательной ценностью и значительной чувствительностью к химическим загрязнениям. Проведён анализ и сравнение адсорбционных свойств материалов, таких как активированный уголь, цеолиты и другие, которые могут быть использованы для очистки молока и аналогичных продуктов от опасных примесей. На основе проведённого анализа определены оптимальные адсорбенты, обеспечивающие максимальную степень очистки молока, что позволяет повысить его безопасность для потребителей без ухудшения качества продукта.

Ключевые слова: токсичные вещества, молоко, цеолит, активированный уголь, ионообменная смола, бентонит.

Введение. Коровье молоко – ценный пищевой продукт. Оно состоит из дисперсионной среды (плазмы, в которой растворены минеральные соли и молочный сахар), коллоидной фазы (белков и солей) и мелкодисперсионной фазы (молочного жира). Кроме того, они могут содержать вредные вещества химического происхождения (радионуклиды, соли тяжелых металлов, пестициды и прочие) [1]. Как показывает анализ мировой литературы, в молоке как сырье, используемом для производства молочных продуктов, наблюдается повышенное содержание токсичных элементов, что зависит от экологического состояния окружающей среды [2].

Анализ результатов исследования зарубежных ученых показал, что в различных странах наблюдается превышение концентрации отдельных токсичных элементов в молоке и молочных продуктах в зависимости от техногенной загруженности региона. В 2013 году пакистанские ученые опубликовали данные о превышении концентрации кадмия в сыром молоке; в 2015 году обнаружена самая высокая концентрация хрома в молоке, производимом в Республике Бангладеш; в сравнении с другими странами повышенная концентрация свинца была зарегистрирована в молоке Индии в 2014 году, в 2013 году в Пакистане, в 2012 году в Палестине, в 2011 году в Нигерии и в 2010 году в Египте [3].

Сорбционные материалы для удаления радионуклидов и тяжёлых металлов.

Для понижения содержания токсичных элементов в исходном сырье применяют различные сорбенты природного и искусственного происхождения. Например, для очистки молока от токсичных элементов в качестве сорбирующего вещества большое внимание уделяется цеолитом. *Цеолиты* – природные или синтетические алюмосиликаты, обладающие высокими сорбционными характеристиками и способностью избирательно поглощать катионы, такие как свинец, цезий и стронций. Цеолиты успешно применяются для удаления радионуклидов из молочных продуктов за счёт своих ионообменных свойств [4]. *Активированный уголь* широко используемый твердый адсорбирующий материал [5]. Он является одним из первых применяемых адсорбентов в области окружающей среды. Его

значительный эффект удаления как органических, так и неорганических загрязнителей, а также низкая цена сделали одним из необходимых очищающих материалов для различных видов процессов очистки воды. Поверхность активированных углей геометрически и химически весьма неоднородна. Он эффективно связывает тяжелые металлы и органические загрязнители, но при этом может незначительно изменять вкусовые характеристики молока [6].

В настоящее время для извлечения радионуклидов из молока используются методы, основанные на сорбционных, осадительных и мембранных процессах. Сорбционные методы, с использованием органических *ионообменных смол* и неорганических сорбентов различных типов используются, как правило, для удаления таких радионуклидов, как цезий-137, стронций-90 и йод-131. Очистка молока с применением ионообменных смол используется с целью дальнейшего использования его в продуктах питания. Ионообменные смолы, применяемые для удаления токсичных элементов из молока, работают через обмен ионов, эффективно замещая вредные ионы металлов на безопасные ионы, такие как натрий и калий. Преимуществом данного адсорбента является низкое влияние на органолептические свойства молока, что делает этот метод подходящим для пищевых продуктов [7].

Бентониты, такие как монтмориллонит, представляют собой неоднородные отложения, состоящие из коллоидных и эластичных глин, образованных вулканической тефрой [8]. Бентониты обладают высоким содержанием монтмориллонита и хорошо работают как адсорбенты для различных загрязняющих веществ [9]. Эти вещества широко распространены в природе, обладают избирательной адсорбцией, недороги и, что самое важное, имеют низкую токсичность. Бентонит может захватывать ионы тяжелых металлов (свинец, кадмий, ртуть) через обмен ионов, заменяя их на менее вредные ионы. Это позволяет ему эффективно снижать концентрацию токсичных элементов. Для молока этот адсорбент особенно ценен, поскольку минимально влияет на его органолептические свойства (вкус, запах и текстура). Тем не менее, для молока важно контролировать дозировку и время контакта бентонита, так как чрезмерное использование может нарушить баланс белков и витаминов. Оптимальные условия применения бентонита для удаления радионуклидов и тяжелых металлов из молока требуют дальнейших исследований, однако его эффективность уже подтверждена в других жидких средах, таких как вода [10].

Заключение

Проведенное исследование показывает, что адсорбенты, такие как активированный уголь, цеолиты, ионообменные смолы и бентонит, обладают значительным потенциалом для удаления тяжелых металлов и радионуклидов из жидких пищевых продуктов. Активированный уголь и ионообменные смолы эффективно справляются с удалением широкого спектра токсичных компонентов. Цеолиты демонстрируют высокую избирательность к радионуклидам, а бентонит подходит для комплексного очищения. Выбор адсорбента должен учитывать тип загрязнителей, а также необходимость сохранения органолептических и питательных свойств продукта. Дальнейшие исследования и оптимизация условий использования адсорбентов могут способствовать улучшению безопасности пищевых продуктов.

Литература:

1. Сурков В.Д., Липатов Н.Н., Золотин Ю.П. Технологическое оборудование предприятий молочной промышленности: учебник. – М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983. – С. 47-57.
2. Pietrzak-Fiećko R., Smoczyński S. Evaluation of Cs-137 Content in Powdered Cow Milk from Four Regions Of Poland // Polish J. of Environ. Stud. – 2009. – Vol. 18, №4. – P. 745-748.
3. Muhib M.I., Chowdhury M.A.Z., Easha N.J. et al. Investigation of heavy metal contents in Cow milk samples from area of Dhaka Bangladesh // International journal of Food Contamination. – 2016, – 3:16.

4. Nitrogen sorption and its release in the soil after after zeolite- application / J.Vilcek[et al.] // Bulgarian Journal of Agricultural Science. – 2013. – №2. – P. 228-234.
5. Madhubashani A., Giannakoudakis D.A., Amarasinghe B., Rajapaksha A.U., Kumara P.T.P., Triantafyllidis K.S., Vithanage M. Propensity and appraisal of biochar performance in removal of oil spills: A comprehensive review. Environ. Pollut. – 2021, 288, 117676.
6. Jianlong Wang, Bowen Xu. Removal of radionuclide 99Tc from aqueous solution by various adsorbents: A review. – 2023, 107267.
